

шағатай және тибет тілдерін білген. Оның сарайының қазақ және қоқан хандарымен дипломатиялық хат-хабарлары шағатай (Орта Азия түріктері) тілінде де жүргізілді [5, 646].

Қазақ элитасының кейбір өкілдері, атап айтқанда аталған Орта жүздің Абылайхан және оның замандасы, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс парсы және ойрат тілдерін білген. Цинь елшілігінің аудармашысы қазақ тілінде нашар сөйлегендіктен, қалмақ және парсы тілдерінде түсіндіруге тура келген жағдай орын алғаны белгілі. 1759 жылы Цинь императорының сарайында болған Абылай елшілерін «Абылай сұлтанға хаттарды екі тілде – қалмақ және моңғол қайтарды». Сонымен қатар, орыс дереккөздері «Абылай өзі қытай тілінде оқи алады және жаза алады, әрі еркін сөйлейді» деп хабарлайды [6, 546].

Осылайша, қазақтардың ойраттар-жоңғарлармен, халха-моңғолдармен және қалмақтармен қарым-қатынасы тек соғыс сипатында ғана емес, сонымен қатар, мәдени байланыстар арқылы жүріп жатты. Бұл дипломатиялық тәжірибеде де, осы халықтардың дворян өкілдерінің «әулеттік» некелерінде де, қазақ заң ескерткіштерінде де айқын көрініс тапты. Сонымен қатар, қазақтардың «Жеті Жарғы» және ойрат пен қалмақтардың «Их Цааз», басқа моңғолдардың - «Цааджин Бичик» заңнамалық ескерткіштерінде көптеген ережелері бір-бірімен сәйкес келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. Ч. 2. Исторические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. 334 с.
2. Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. 1635–1758. Изд. 2-е / отв. ред. Г. Д. Санжеев. М.: Наука, 1983. 332 с.
3. Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи. XVII–XVIII вв. Алма-Ата: Гылым, 1991. 238 с.
4. Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). М.: Наука, Гл. ред. вост. лит., 1982. 160 с.
5. Бейсембиев Т. К. Среднеазиатский (чагатай-ский) тюрки и его роль в культурной истории Евразии (взгляд историка) // Рух-Мирас. Казахстанский культурологический альманах. 2004. № 2 (2). С. 58–681.
6. Хафизова К. Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XIV–XIX вв.). Алматы: Гылым, 1995. 286 с.
7. Тюркологический сборник. 2006. М.: Вост. лит., 2007. С. 77–94.
8. Shygys. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. № 1. С. 53–64.

Алтын Орда хандығындағы ислам дінінің таралуы

Болат Мажит

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. доцент Өскембаев Қ.С.

Астана халықаралық университеті

Ортағасырлық Еуразия елдерінің саяси тарихы мен мәдени даму үшін Алтын Орда хандығы айтарлықтай ықпал етті. Бұл өз кезегінде жекелеген этностар мен территориялардың қалыптасуына жағдай жасады. Қазіргі кезде көптеген халықтар өзінің тарихын дәл осы Алтын Ордамен байланыстырады.

Алтын Орда тарихы мен мәдениетіне көптеген зерттеушілер өз еңбектерін жазған. Соның ішінде Қазақстандағы моңғол дәуірі тарихына байланыстылардың қатарында Д.Оссон, Г.Вамбери т.б ғалымдардың еңбектері бар. Соңғы кезеңдегі Еуропа тарихшыларының ішінен Девин Девис, Чарльз Гальперин сияқты өз еңбектерін тарих сахнасына қоса бастады. Соның ішінде американдық тарихшы Девин Девис Алтын Орда билігіндегі ислам дінінің таралуы барысын барынша көрсетіп кетті [1]. Алтын Орда тұсындағы діни дүниетаным мен ислам дінінің дамуына және діни жүйелердің өзгеруі мен қалыптасу тұрғысында көптеген зерттеушілер өз еңбектерін арнады. Соның ішінде

қазақтардың наным-сеніміне байланысты қазақ ғалымы Ш. Уәлихановтың жазған мақалалары ерекшеленеді [2]. Сондай-ақ отандық зерттеушілер арасында Н. Нұртазинаның «Ислам в средневекового Казахстана» атты еңбегінде Алтын Ордадан Қазақ хандығына дейінгі көшпелілердің исламды қабылдауының бастамасына тоқталған [3]. Сонымен қатар, ғалым тек тарихи деректерден басқа қазақтардың мәдениетіндегі діни наным-сенімдерімен мен көне нанымдардың белгілерін қарастырған. Бұл көшпелі қазақтар арасындағы исламның таралуының күрделі саяси немесе мәдени өзгерістер тудырмағандығын көрсетеді. Ә. Муминовтың «Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии» атты еңбегінде Орта Азиядағы ханафи мазхабының таралуына ықпал еткен ғалымдар мен жиһанкездердің өмірі мен шығармашылығын таныстыра келе Алтын Ордадағы исламның даму және орнығу жағдайына сипаттама берген [4].

Жошы Ұлысының ортағасырлық империяға айналуы, көптеген этностардың біріккен күш болуында және мәдени, тарихи дәстүрлердің орталығына айналуында болды. Осындай жағдайлар нәтижесінде өркениеттік ерекшелігін қалыптастырды. Алтын Орда құрамындағы әртүрлі халықтар тарихи-мәдени ерекшелігіне қарамастан әлеуметтік-мәдени және саяси дәстүрлердің ерекшелігін қалыптастыруына бірден-бір себеп болған ислам діні еді. Ислам бұл жағдайларды бірегей құрылымға айналдырды. Жошы Ұлысы тұсында ислам діні алғаш рет Орта Азия тарихында мемлекеттік және аймақтық шекарадан шыға бастады. Ендігі жерде ол еуразиялық түркі империясының діні болып қалыптасты.

1314 жылы исламды ұстанған қалалықтар мен көшпелі халықтар ортасынан Өзбек ханның билікке келуі діннің дамуына жол ашты. Ислам дінінің тағы бір басты себебі, ислам ақидасындағы ұғымдар мен тәңіршілдіктегі ұстанымдар өте ұқсас болды. Бұл көшпелілер арасындағы исламның кең таралуына мүмкіндік жасады. Осы кезден бастап Ислам өркениеті Жошы Ұлысында саяси және мәдени дамуды айқындайтын күшке айналады. Осындай шақта араб елдерінің Алтын Орда хандарын «солтүстіктегі исламның семсері» деп атауы тегін емес еді [5, 360 б.].

Ислам дінінің Алтын Ордадағы орнына келсек оның алғашқы ханы Бату ханның тұсында дін таңдау наным-сенімдерді қабылдау бірдей құқықта болды. Осылай бола тура XIII ғасырдың ортасында көптеген шынғыстықтар әлемдік діндерді таңдай бастады. Бату ханның өзі «Мәңгі көк аспанға» табынғаны белгілі, яғни Тәңірге. Оның ұлы Сартақ христиандарға жақын жүрді. Ал, бауыры Берке Бату ханның көзі тірісінде исламды қабылдаған еді

1258 жылы Бату хан қайтыс болғаннан кейін оның ұрпақтары Сартақ пен Ұлағшы Жошы Ұлысына билікке шығып үлгерместен, Қарақорымда Алтын Орда ханы болып Берке таққа отырады. Беркенің исламды қабылдауы XIII ғасырдың 40 жылдары болған делінеді. Себебі ол таққа отырғанда мұсылман болған еді. Әл Омаридің еңбегінде Берке Моңғолиядан қайта оралған жолда Бұхараға исламды қабылдау үшін кіріп кеткен деп жазады. Осы ақпаратқа сүйенсек Берке 50 жылдары дінді қабылдаған деген үкім шығады [6]. Берке ханның тұсында биліктегілерге жаңа дінді қабылдау тұрғысынан қысымдар болған жоқ, исламның Алтын Ордада дамуына тікелей сопы шейхтарының дінді таратуы себеп болған. Ибн Арабшахтың айтуы бойынша Берке хан барлық әлемнен шейхтарды шақыртып, елге ислам дінінің шарттарын үйретіп, бірқұдайлық жолды көрсетуді тапсырған [6]. Тағы бір деректерде Берке ханның ислам дінін қабылдауы Мысыр елімен қарым-қатынасты жақсартқан ірі қадамдардың бірі болғаны айтылады [7, 19 б.]. Берке ханның мұсылмандарға деген құрметі Алтын Ордадағы қала салу құрылысында белгілі болды. Бұл кездері Алтын Ордадағы қалалар жалпылама шығыстық кейіпке өте бастайды. Бұл мешіт, медресе, минарет, керуен сарайлардан көрінеді. Еділдің арғы бетіндегі ірі алтынордалық қалаларды салу кереметін байқамау мүмкін емес еді.

1267 жылы Берке қайтыс болғаннан кейінгі өзара қырқыстардан кейін Жошы Ұлысы билігіне шаманист-Менгу Темір (1266-1282) келді. Ол Жошы Ұлысын мұсылман елдерімен жақындастырған Беркенің сыртқы саясатын жалғастырды. Алайда, Беркенің көптеген

бастама істері аяқсыз қалды. Менгі-Темірдің билеген жылдарында хандық билік әлсіреді. XIII ғасырдың соңында хандық билікке қарсы болған тұлғалардың бірі Ноғай болды.

Ол Беркенің бас қолбасшыларының бірі еді. Ноғай XIII ғасырдың 60 жылдары елдің батысындағы жорықтарды басқарып жүргенде бөлінуді көздеген болатын. Ноғайдың бүлігі әр кезде моңғолдардан жеңіліп талқандалған тайпалардың жасақталған әскерінен тұрды. Алтын Орданы екіге бөліп әкеткен Ноғай Мысыр сұлтаны Бейбарысқа жазған хатында «Біз Беркенің жалғастырамыз және тура жолда жүреміз» деді. Оған жауап ретінде Мысыр сұлтаны «Беркенің ісін жалғастырыңыз және дінсіздермен күресіңіз» деген болатын[8, 39 б.]. Хандық билікке тікелей құқығы болмаған Ноғай 1270 жылы ислам дінін қабылдап өзін Берке ханның ісін жалғастырушы ретінде таныстырды. Алайда, Ноғайдың ислам дінін қабылдауы саяси қадам болып табылды. Ол ислам дінін қабылдай отырып алтынордалық мұсылман билеушілерден қолдау тапқысы келді. Ноғайдың ойлағаны іске аса бастайды. Менгу-Темір және Туда-Менгу хандары тұсында (1281-1287 жж.) Ноғай Алтын Орданың билігіне өте жақын жүрді. Кей кездері ханның өзі екінші кезекке қалып қойып отырды. Туда-Менгу хан Ноғайдың басқаруында қалып қойған кездеріде болды. Туда-Менгу исламды қабылдап Мысыр сұлтанына хат жазып, інсіздерге күресуге халифаттың туын беруді сұрайды. Алайда осы жағдай елдің ішіндегі көтерілістер күшейтеді. Нәтижесінде Туда-Менгу биліктен түсіп дін жолымен кетеді.

Исламның Алтын Ордада әрі қарай дамуы Тоқты ханмен байланысты болды (1290-1312). Көптеген араб деректерінде Тоқты мұсылман болмаған. Ол шамандық немесе будда дінінде болған. Алайда оның бұл сенімдері мұсылмандарға қамқорлық саясатын жүргізуге кедергі келтірмеді. Дінсіз билеушінің мұсылмандарға қамқорлық жасауы ақылға қонымды болды. 1293 жылы Алтынордалық теңгелерде Тоқты ханның атымен бірге «Насыр ад Дин Аллах»-Алланың дініне жәрдемші деп жазылды [9]. Тоқты ханның дінге деген құрметін Алтын Ордадағы ақша реформасынан көруге болатын. Ол елдегі сауда саттықты дамытуға барынша жағдай жасады. Бұл сауда қатынастары дәл Алтын Орданың мұсылмандары орналасқан қалаларда дамыды. Бұл сауда жолдары еуропа мен Азияны қосып жатты. Осының нәтижесінде еділ бойындағы қалалар бірден мұсылмандық көпестердің қызығушылығы мен сауда орталығы болып қалыптасты. Алтын Ордада ислам дінінің қабылдануы керуендік сауданың дамуына мол мүмкіндіктер туғызды. Себебі, тек орталыққа бағынған мемлекет және ислам дінін ұстанған елдер ғана Қыпшақ даласының мыңдаған шақырым даласын қауіпсіз басып өтетін еді. Тоқта ханның билігінің соңғы жылдарында моңғол билеушілерінің исламды қабылдағандары Торғұлжидің баласы Өзбекті хандыққа лайық деп түсінді. Ал, исламға қарсы топ Тоқтының баласы Елбасмышты қолдады. Тоқты ханнан кейін Елбасмыштың билікке келетінін сезген мұсылмандар өзара ақылдасып, топ құра бастады. Оның басында Құтлық Темір тұрды. Ол Өзбекті жеңіске жеткен жағдайда исламды қабылдайсын деп көндірді. Елдегі төңкерісте белсенді болған Құтлық Темірдің бауырлары Сарай Темір және Мұхамедқожа және Торғұлжидің әйелі Баялунь қатын болды. Сондай-ақ дінбасы шейх Номан Өзбекті қолдап шықты. Мұсылмандық биліктің және саудагерлердің Өзбекті қолдауы оның өзіне деген сенімділігін күшейтті[10].

Осылай Алтын Орда тарихында 1312 жылғы оқиғаның нәтижесіндегі Өзбек хан билікке келіп, ислам дінінің мемлекеттік дін етіп жариялайды. XV ғасырға жататын «Түрік шежіресінде» Өзбек ханды исламға кіргізген Зеңгі баба деп көрсетеді[10]. Зеңгі ата мен Сейд атадан басқа Алтын Орданың исламтануына Құтлық Темірдің де айтарлықтай рөлі болды. Өзбек ханның билік еткен алғашқы жылдарында мемлекеттің барлық басқару жұмыстарын Құтлық темірдің бауырлары Сарай Темір мен Мұхамедқожа қолына алды. Сол алғашқы жылдардың өзінде Өзбек ханды қолдаушылар Жошы Ұлысында барлығы ислам дінін қабылдамай оны мойындамайтындарда болды. Өзбек билікке келгеннен кейін бірқатар әмірлерді өлтірді. Сонымен қатар, көптеген ұйғырлар, ламалар мен сиқыршыларды өлтіріп, исламды ұстануға бұйырды. Жошы Ұлысында ислам дінін ендіру 1342 жылы Өзбек хан қайтыс болғаннан кейін де жалғасты. Ендігі жерде исламның дамуын Өзбектің ұлы Жәнібек хан жалғастырды. Оның кезінде Алтын Ордадағы қандайда бір биліктегі адамдарға

сәлде кию міндеттелді. Ескендір еңбегінде жәнібектің қызметін былай сипаттайды: «Өзбектің ұлысының барлығын исламға ендіріп, пұттарды жойып, көптеген мешіттер мен медреселер салдырды. Көптеген мұсылман елдерінен керемет ғұлама ғалымдар оның сарайына ағылды. Дешті қыпшақ әмірлерінің ұлдары ғылым білімге үйрене бастады. Ислам елдерінің барлық салт-дәстүрлерін ел ішінде пайдалануға тырысты» [10].

Ислам дінін ресми дін ретінде қабылдағаннан кейін Жошы Ұлысындағы хандық билік жаңаша талдауларды қажет етті. Ендігі жерде хан ел ішіндегі ислам шарттарының орындалуын қадағалау қажет болды. Соның негізінде билікті киелілендіру жұмысы жүрді. Яғни, хан бұл Алланың билігін жүргізуші болып танылуы қажет болды. Мемлекеттік билікті исламдандыру үрдісі Жошы Ұлысындағы құжаттардан көрініс тапты. XIV ғасырға жататын Жошы ұлысының жарлықтарында араб тілінде - «бисмиллаһи-р-рахмани-р-раһим» деген қасиетті жазумен басталатын еді. Ислам Жошы ұлысының басқару жүйесіне ықпал етті. Араб алфавиті ресми құжаттарда ұйғыр әліппесін ығыстырып шығарды. Алтынордалық теңгелерде араб эпиграфикасы пайдаланып, соғылған жылы хижра жыл санауы бойынша көрсетілді. Кейбір теңгелерде сунниттік белгілер де сақталған. Жошылық жарлықтарда дәстүрлі түркі-моңғол 12 жылдық күнтізбесі XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап, арабтың айлық күнтізбе мен хижра жыл санауына ауысқан еді [11, 192 б.]. Ислам елдерінде адамдар мен құдайдың арасына жауапты рухани биліктің арнайы институты жоқ. Мұсылман қоғамында «шіркеу» деген түсінік болмады. Осылайша шіркеулік ұйымдастырушылық болмағаннан кейін рухани және зайырлы биліктің принципіне қосылуға алып келеді. Нәтижесінде зайырлы билікті ұстанушылар құдай заңының қоғам өмірінде қамтылуына жауапты, ал құдайдың ерекше өкілдеріне орын қалған жоқ [12, 182 б.]. Жошы Ұлысының билік аппаратында мұсылманның рухани тұлғаларының ерекше орыны мемлекетте христиандық дәстүрлі «шіркеу» институтының жоқтығын қамтамасыз етті. XIV-XV ғғ. алтынордалық грамоталарда бірден мұсылмандық билік екенін көрсетіп отырған. Қазы, муфтий, сопы сияқты терминдер көп пайдаланылған [13].

Жалпы ислам ығыстырып шығарған ертедегі көзқарастар мен діндер Орталық Азия аумағындағы әулиелерге табынудан пана тапты. Араб саяхатшысы Ибн Баттутаның (XIV ғ.) айтуына қарағанда, Орталық Азиядағы әулиелерге табыну, оны ресми теология мен сунниттердің жақтырмағанына қарамастан, шын мәнінде халықтың діни санасы көрінген шын, нақты нысан болды. Қарастырылып отырған кезеңде әулиелерге табыну құранға қайшы келеді деп саналмады және ширк деп қабылданбады, мұның өзі оның ислам жүйесіне терең еніп алғанын дәлелдейді [14, 65 б.].

XIV-XV ғасырларда мұсылмандарға дейінгі түсініктер, діндер, әдет-ғұрыптар қазақтардың діни өмірінде маңызды рөл атқарды. Қазақтар исламмен қатар тәңіріні жоғарғы құдай деп санауды жалғастыра берді. Жоғарғы құдай тәңірі-көк идеясы көптеген түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың ата-бабаларының да дүниеге көзқарасында оларға исламның енуінен көп бұрын патриархалдық-рулық құрылыстың ыдырай бастауы мен патриархалдық-феодалдық қатынастардың тууына байланысты пайда болған. Кей зерттеушілер тәңірге табыну сол кездің өзінде-ақ толық қалыптасқан діни жүйе болған, мұның өзі исламды енгізген бір құдай-Алла идеясының қабылдауына жәрдемдескен деп санайды [14, 65 б.].

Қазақстанда исламға дейінгі ежелгі дәстүрлердің нышандары қазақ қоғамының өмірінде елеулі рөл атқарған. Басқа да көптеген халықтардағы сияқты, қазақтарда да ежелгі замандардан бері өзін өмірдің сан алуан қайғы қасіреттерінен: көз, тіл тиюден және тағы басқа қорғау үмітімен бойтұмарлар кеңінен пайдаланылған. Қазақтар өмірінде халық емшілері-балгерлер, сынықшылар, тамыршылар және басқа да көптеген емшілер маңызды рөл атқарған.

Мұсылмандарға дейінгі діни дәстүрлер отбасы тұрмасына-отбасының өмірлік кезеңдеріне, яғни үйлену, балалы болуға байланысты салт-ғұрыптарында зор рөл атқарды. Қазақтардың үйлену салты өзінің барлық кезеңдерінде мұсылмандарға дейінгі ертедегі белгілерді сақтап қалған. Онда ата-бабалардың аруағына табынуы тығыз байланысты және некенің басты мақсатын жүзеге асыруға-ұрпақты жалғастыруға бағытталған діни-сиқыршылық тәжірибе маңызды рөл атқарды [15].

Қорыта келе айтайын дегеніміз XVI-XVII ғасырларда қазақтардың Орта Азия халықтарымен экономикалық және мәдени байланыстарының дамуы Қазақстанда ислам дінінің жеделдете таралып, ықпалы күшеюіне себепші болады. Өз кезегінде қазақ көпестері мұсылман елдеріне барып, ислам діні іліміне тартылды. Кейде қарап отырған осы қазақтың әр мәдениеті осы ислам дінімен ұштасып, сол заңдармен жасалған сияқты болады. Яғни ислам дінінің қазақтарға ықпалы көп болды. Қазақта ата-ана өз балаларына ұят болады жасама деп ескертіп айтқан ісінің өзі ислам дінімен ұштасып тұрады. Жазбаша деректемелерден келтірген сансыз мысалдар қазақтардың ислам дініне жаппай қосылғанын дәлелдейді. Бұл кезеңде қазақтар құран оқып, намазға жығылған, ораза ұстап, неке қиюдың мұсылмандық ғұрпын жасаған, өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытқан. Намаз кез келген жерде оқыла беретін болды, ал халық көпшілігінің құран мен араб тіліндегі кітаптарға қол жеткізе алмағандықтан қазақтар молданың әрбір сөзін айнытпай қайталап, оның басшылығымен діни ғұрыптарды орындап отырды, ислам діні ілімінің заңдарын жаттап алды. Осының барлығы ислам дінінің таралуымен байланысты болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Halperin ch. J. Russia and the Golden Horde. The Moncol impact in medieval Russian history. London, 1987.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание соч. Т. I. - Алматы, 1984.
3. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. - Алматы, 2000.
4. Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. - Алматы, 2015.
5. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. - Алматы, 2014. -360 б.
6. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. СПб., 1884.
7. Закиров С. Дипломатические взаимоотношения Золотой Орды с Египтом. - М., 1966. - С. 19.
8. Егоров В.Л. Развитие центробежных устремлений Золотой Орде // ВИ. - 1974. - № 7. - С. 39.
9. Из описания путешествий Ибн Баттуты //История Казахстана в арабских источниках. - Т.І.: Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузенем, переработанное и дополненное издание. -Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - С. 217-237.
10. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. -СПб., 1884.
11. Грязневич П.А. Ислам и государство (к истории государственно-политической идеологии раннего ислама) // Ислам. Религия, общество, государство. - М., 1984. - С. 192.
12. Пиотровский М.Б. Светское и духовное в теории и практике средневекового ислама // Ислам. Религия, общество, государство. - М., 1984. - С. 182.
13. Усманов М.А. Жалованные грамоты Джучиева Улуса в XIV-XVI веках. – Казань, 1979.
14. Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. - М., 1988. – С. 65.
15. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIV - начало XX вв.). - Алматы: «Ғылым», 1991.

Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі тарихи-таным және деректану мәселелері

Жаппарова М.Н., Қасымжанова Ж. Е.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Шоқан Уәлиханов 30 жыл өмір сүрсе де, қазақ халқының жадында, тарихында ерекше орын алады. Ол қазақ елінің тарихы мен мәдениетін зерттеп, көшпелі тайпалардың өмірі мен